



«Бекітемін»
«Дарын» РГПО директоры
Т. Нұркешов
«08» 08 2021 ж.

**«Зерде» 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен
шығармашылық жұмыстардың республикалық конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді және мақсаттар мен міндеттерді, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, «Зерде» 2-7 (бұдан әрі-Конкурс) сынып оқушыларының арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының республикалық конкурсын өткізу мен қаржыландыру, қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

1.2. Конкурстың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РГПО) болып табылады.

1.3. Конкурстың негізгі мақсаты балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және орта жастағы мектеп оқушыларының интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады.

1.4. Конкурстың негізгі міндеттері - зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау, өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту проблемасына көпшіліктің назарын аудару.

II. Конкурс қатысушылары

2.1. Конкурсқа жас зерттеушілер -2-7 сынып оқушылары, жеке, сондай-ақ, командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын), зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарымен қатысады (әрі қарай - Конкурс жұмыстары).

2.2. Жетекшілер Конкурстың қорытынды кезеңінің өткізілуі орнына дейін және кері қайту жолында, оның өткізілуі барысында қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікте болады. Жетекшілерді тиісті білім беру ұйымдары тағайындайды.

III. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін респубикалық ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңін өткізілу мерзімі мен өтетін орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, Конкурстың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін бекітеді, Конкурстың қорытындысын шығарады және женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

3.3. Қазылар алқасының құрамы әр түрлі ғылым саласындағы мектептерден, колледждардан, жоғарғы оку орындарының алдыңғы қатарлы мұғалімдерінен құралады.

3.4. Қазылар алқасы қатысушылардың конкур жұмыстарын тексереді және бағалайды, женімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

3.5. Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

I кезең – мектеп аралық, орта білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ұйымдармен;

II кезең – аймақтық, аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінде өткізіледі;

III екінші кезең – облыстық, қалалық (іріктеу) кезеңін «Дарын» жергілікті аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары және облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармалары, Республикалық білім беру үйымдары(бұдан әрі - РББҰ) және «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ);

IV кезең (қорытынды) – респубикалық «Дарын» РҒПО өткізеді.

3.6. Қорытынды кезеңде қатысушылар конкурстың зерттеу жұмыстарын электрондық түрде ұсынып қорғалады. Қорғауга авторға (бірлескен авторға) баяндама үшін 10 минут уақыт беріледі.

3.7. Конкурстың қорытынды кезеңіне облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ іріктеу кезеңінде бірінші орын иеленген женімпаздардан құрылған құрама командалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әрбір секцияға 1 ғылыми-зерттеу жобасын (кіші жастағы топ-2-4 сыныптар, ересек жастағы топ - 5-7 сыныптар) және әр топтан бір жетекші ұсынады.

3.8. Конкурстың респубикалық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ ұйымдастыру комитетіне 2 апта бұрын жазбаша өтінімдері негізінде жіберу қажет (1-қосымша).

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Индекс Z05K5K8, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел данғылы, 8, БЦ Алтын Орда, каб. 207, тел: +7(7172) 57-01-60, e-mail: info@daryn.kz

3.9. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ және «НЗМ» ДББҰ ұйымдастыру комитетіне

Конкурстың II, III кезеңдерінің қорытынды есептерін және хаттамаларын ұсынады (2 қосымша).

3.10. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.11. Аппеляция қаастырылмайды.

IV. Конкурсқа ұсынылатын жұмыстардың ресімделуіне қойылатын талаптар

4.1. Конкурсқа 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары келесі секциялар бойынша қабылданады:

- 1 секция - қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2 секция - орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі;
- 3 секция - математика, информатика;
- 4 секция - физика, техника;
- 5 секция - медицина, психология;
- 6 секция – тарих, өлкетану, этномәдениеттану;
- 7 секция - химия, биология;
- 8 секция - экология, валеология;
- 9 секция – робототехника.

4.2. Әрбір бағыт бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік, ойлап тапқыштық негізде болады. Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде ұсынлады. Жұмыстың көлемі 20 беттен аспауы керек. Беттерін нөмірлеу және жиегін қалдыру міндетті.

4.3. Әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың мақсаты мен пайдалылығы, автордың қосқан үлесі, құндылығы мен кемшілігі көрсетілген жетекшісінің және маманның пікірі болуы керек.

4.4. Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптары:

4.5. Жұмыс мәтіні компьютерде WORD, 14 әріп, 1,5 жоларалық, солдан шегініс – 2 см терілген болуы және мыналардан тұруы керек:

- титул параграфы;
 - мазмұны;
 - түйіндеме (аннотация) – жұмыстың негізгі мазмұнын қазақ және орыс тілдерінде қысқаша баяндау (жұмыстың қандай тілде жазылуына байланысты);
 - кіріспе – жұмыстың өзектілігін көрсетеді және тақырыпты, оның мақсаты мен міндеттерін, еткізу орнын таңдаудын негіздейді;
 - негізгі бөлім: материалдар мен зерттеу әдістері; эксперименттік бөлім; жұмыстың қорытындысы мен оны талқылау;
 - әдебиеттерге шолу жасау зерттеу мәселесі бойынша (отандық және шетелдік) әдеби мағұлматтарға қысқаша талдау жасап тұрады;
 - қорытынды (тұжырымдамалар, ұсыныстар);
 - қолданылған әдебиеттер тізімі.
- 4.6. Титул параграфында мыналар көрсетіледі:
- жұмыс орындалған білім беру ұйымының толық атауы;

- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты;
- орындаушы (аты-жөні, сыйныбы, мектебі, (қаласы) ауданы, облысы);
- жұмыстың жетекшісі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны);
- жұмыс орындалған жыл.

4.7. Конкурстың қорытынды кезенде қатысушылар конкурстың жұмыстарын қорғау үшін көрнекі материалдар, сызбалар, суреттер немесе макеттер дайындаулары қажет.

V. Қорытындысын шығару және марапаттау

5.1. Конкурс жұмыстарын бағалау келесі белгілер бойынша жүзеге асырылады:

- шығармашылық тәсілдеме;
- ғылыми ойлауы;
- тақырыптың ашылу дәрежесі;
- жұмысты орындаудағы жеке орындаушылық деңгейі;
- шешендік шеберлігі, тақырыпты көрсету әдісі.

5.2. Женімпаздарды әрбір секция бойынша және жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген екі жас тобы бойынша анықтайды:

- 2-4 сыйнып оқушылары;
- 5-7 сыйнып оқушылары.

5.3. Женімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» РЕПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен және грамоталарымен марапатталады. Женімпаздар мен жүлдегерлер дайындаған жетекшілерге алғыс хат табысталады.

Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

VI. Қаржыландыру

6.1. Ісшараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Конкурсқа қатысушылар мен жетекшілердің іссапар шығыстары (тамақтануы, жатын орны және келу/кету жолы, экскурсия шығындары) жіберуші жақтың есебінен төленеді.